

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 қарашадағы № 888 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2015 жылғы 16 қазанда Бурабайда жасалған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер ,

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) № 31 қосымшаны қоса алғанда, Шарттың және 2011 жылғы 19 мамырдағы Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып ,

1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы 2015 жылғы 27 шілдеде қол

қойылған хаттаманы назарға ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттама Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуына байланысты Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарлардың жекелеген түрлерін әкелу мен олардың айналысын реттеу ерекшеліктерін айқындайды.

2-бап

Осы Хаттаманың мақсаты үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:
«тізбе» – баждардың төмендетілген мөлшерлемелері қолданылатын, Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың, сондай-ақ осындай мөлшерлемелер көлемінің тізбесі;
«баждың төмендетілген мөлшерлемесі» – Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымындағы міндеттемелерінде көзделген мөлшерлеменің ең жоғары деңгейінде белгіленетін, Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (бұдан әрі – ЕАЭО БКТ) кедендік әкелу бажының қолданыстағы мөлшерлемесімен салыстырғанда біршама төмен кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі.

3-бап

1. Баждардың төмендетілген мөлшерлемелері Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) бекітетін тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде Дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы жұмыс тобы баяндамасының 307-параграфында көзделген шарттар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден тауарларды әкелу және оларды Кеден одағының Кеден кодексінде көзделген кедендік рәсімдерге орналастыру кезінде қолданылады.

2. Тізбені жаңартып отыруды қоса алғанда, оны жүргізуді және Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) сәйкес келтіруді Комиссия жүзеге асырады.

3. Кедендік әкелу баждары тізбеде көзделген мөлшерлемелер бойынша төлене отырып, Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдердің аумағынан әкелінген, тізбеге енгізілген және ішкі тұтыну үшін кедендік шығару рәсіміне орналастырылған тауарлар Кеден одағының Кеден кодексіне сәйкес шартты түрде шығарылған тауарлар болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы басқа мүше мемлекеттердің аумағына осы баптың 3-тармағында көрсетілген тауарлардың әкeтiлуiне жол бермеу бойынша қажеттi шаралар қабылдауды қамтамасыз етедi.

5. Тiзбеге енгiзiлген тауарларды үшiншi елдердiң аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезiнде кедендiк әкелу баждары ЕАЭО БКТ кедендiк әкелу баждары мөлшерлемелерiнiң негiзiнде төленуi мүмкiн. Бұл жағдайда тиiстi тауар Кеден одағының Кеден кодексiне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауары мәртебесiне ие болады.

6. Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамаға сәйкес, тiзбеге енгiзiлген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан басқа мүше мемлекеттердiң аумағына өткiзу үшiн қажеттi кедендiк бажды төлеу туралы ақпаратты құзыреттi органдардан сұрату және алу құқығын бередi.

7. Декларант, тиiстi тауарларды иелену құқығы бар өзге тұлға, тiзбеге енгiзiлген және Қазақстан Республикасының аумағынан басқа мүше мемлекеттердiң аумағына өткiзiлетiн тауарларды тасымалдаушы осы Хаттамада және оған сәйкес белгiленген осындай тауарларды өткiзу жөнiндегi талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге мiндеттi және мүше мемлекеттiң заңнамасына сәйкес оларды бұзғаны үшiн жауаптылықта болады.

8. Тiзбеге енгiзiлген тауарлардың айналымын мониторингiлеу және бақылау мақсатында мүше мемлекеттердiң кеден органдары 2016 жылғы 1 желтоқсаннан бастап нақты уақыт режимiнде 2011 жылғы 19 қазандағы Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының талдамалық және бақылау функцияларын iске асыру үшiн ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келiсiмге 1-қосымшада көзделген мәлiметтер құрамына сәйкес осындай тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және кедендiк рәсiмдерге орналастыру туралы кедендiк декларациялардан алынатын деректермен және мәлiметтермен электрондық түрде алмасуды жүзеге асырады.

Осы Хаттама күшiне енген күннен бастап 2016 жылғы 1 желтоқсан аралығында көрсетiлген деректермен және мәлiметтермен алмасу 2 күнде 1 рет жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасы кедендiк декларациялардың нөмiрлерiн және кедендiк декларация бойынша тауарлардың реттiк нөмiрлерiн көрсету бөлiгiнде тiзбеге енгiзiлген тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағындағы айналысының бақылануын қамтамасыз етедi.

10. Қазақстан Республикасы басқа мүше мемлекеттерге әкетiлетiн, тiзбеге енгiзiлген тауарларды есепке алу жүйесiн (бұдан әрi – есепке алу жүйесi) жасайды. Есепке алу жүйесiнде тiзбеге енгiзiлген және басқа мүше мемлекеттерге әкетiлетiн тауарлар туралы мәлiметтердi кедендiк әкелу баждары ЕАЭО БКТ мөлшерлемелерi бойынша төленген тауарлар туралы ақпаратпен салыстыру көзделуге тиiс.

Есепке алу жүйесiнде тауарлар, олардың саны туралы мәлiметтер, осы баптың 9-тармағында көрсетiлген мәлiметтер, кедендiк әкелу баждарының ЕАЭО

БКТ мөлшерлемесі бойынша төленуі туралы мәліметтер қамтылған тауардың ілеспе құжатын қалыптастыру және оны Қазақстан Республикасының мемлекеттік дерекқорында тіркеу көзделуге тиіс. Есепке алу жүйесінде тіркелген осындай құжаттың болуы тиісті тауарларды басқа мүше мемлекеттерге әкетудің шарты болып табылады.

Мұндай құжаттың болмауы тасымалдаушының тиісті тауарларды тасымалдауға қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының уәкілетті органы есепке алу жүйесінде қамтылған ақпаратты басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына береді. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары есепке алу жүйесінде қамтылған ақпаратты беру тәртібі мен техникалық шарттарын әзірлейді және бекітеді.

11. Тауарларды өткізудің құқыққа сыйымдылығын бақылау мақсатында мүше мемлекеттер өздерінің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алуды жүзеге асыруға, өзара сауданы есепке алудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде болуы көзделетін тауарға ілеспе міндетті құжаттардың қатарында осы баптың 10-тармағының екінші абзацында көрсетілген, тізбеге енгізілген тауарларға қатысты құжаттың болуы туралы талап белгілеуге құқылы.

12. Мүше мемлекеттер өздерінің заңнамасында осы Хаттамада және оған сәйкес белгіленген талаптарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылық белгілейді.

4-бап

1. Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден кедендік әкелу баждарының төмендетілген мөлшерлемелері қолданылып әкелінген ЕАЭО СЭҚ ТН 1701 12 – 1701 91-қосалқы позицияларындағы тазартылмаған қант, сондай-ақ осындай тазартылмаған қанттан өндірілген ақ қант басқа мүше мемлекеттердің аумағына әкетуге жатпайды. Қазақстан Республикасы тазартылмаған қант және одан өндірілетін ақ қант айналысын бақылаудың қажетті шараларын қабылдауды, сондай-ақ жыл сайынғы негізде Комиссияға Қазақстан Республикасында қант өндіру мен тұтынудың алдағы кезеңге арналған теңгерімін ұсынуды қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасы тізбеде көрсетілген тауарларға қатысты баждардың төмендетілген мөлшерлемелерін қолдану басталған күннен бастап осы Хаттаманың 3-бабының 3-тармағында көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан басқа мүше мемлекеттердің аумағына әкету мүмкіндігін болдырмайтын дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелудің, көтерме және бөлшек саудада сатудың және таңбалаудың қағидаларын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын қамтамасыз етеді.

3. Осы Хаттаманың 3-бабы 4-тармағының ережелеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында кедендік әкелу баждарының төмендетілген мөлшерлемелері қолданылып айналысқа шығарылған, ЕАЭО СЭҚ ТН 8703, 8704 21 және 8704 31-тауар позицияларында сыныпталатын жеңіл автомобильдер мен өзге де моторлы көлік құралдарын, ЕАЭО СЭҚ ТН 8702-тауар позициясында сыныпталатын жүргізушіні қоса алғанда, 12-ден аспайтын адамды тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдарын Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын тұлғалар (Қазақстан Республикасының азаматтары немесе өзге де тұлғалар) мен егер осындай жеңіл автомобильдер мен өзге де моторлы көлік құралдары кедендік әкелу баждарының төмендетілген мөлшерлемелері қолданылып, айналысқа шығару туралы белгісі бар, көлік құралдарын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді қамтитын құжаттар негізінде Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілген тұлғаларға тіркелген жағдайда, басқа мүше мемлекеттердің аумағына у а қ ы т ш а ә к е л е а л а д ы .

4. Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін ветеринариялық-санитариялық шаралар саласындағы нормативтік актілердің талаптарынан ерекшеленетін талаптар бойынша үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларды және олардан өндірілген өнімдерді басқа мүше мемлекеттердің аумағына ө т к і з у г е б о л м а й д ы .

Қазақстан Республикасы осы мақсатта тиісті ұлттық құқықтық актілерді қабылдауды және Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін ветеринариялық-санитариялық шаралар саласындағы нормативтік актілердің талаптарынан ерекшеленетін талаптарды қолданатын, ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың және олардан өндірілген өнімдердің бақылануын қамтамасыз етудің барлық басқа мүше мемлекеттер мақұлдаған жүйесін е н г і з у д і қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін ветеринариялық-санитариялық шаралар саласындағы нормативтік актілердің талаптарынан ерекшеленетін талаптарды қолданатын, ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларды және олардан өндірілген өнімдерді Қазақстан Республикасынан басқа мүше мемлекеттерге өткізу кезінде осы тауарлардың және олардан өндірілген өнімдердің шығарылған жерінің бақылануы жөніндегі деректер аумағына осы тауар партиясы өткізілетін мүше мемлекеттің тиісті ұлттық жүйесіне берілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген тауарларды олардың бақылануы жөніндегі деректерді бермей әкелуге жол берілмейді.

Осы талаптарды бұзушыларға мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген тиісті жауаптылық шаралары қолданылатын болады.

5-бап

1. Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Хаттаманы түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар Шарттың 112-бабында айқындалған тәртіппен шешіледі.

3. Мүше мемлекеттердің өзара келісу бойынша осы Хаттамаға өзгерістер енгізе алады, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

4. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіреді.

2015 жылғы 16 қазанда Бурабай кентінде орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, оның куәландырылған көшірмесін әрбір мүше мемлекетке жібереді.

Армения Республикасы үшін Беларусь Республикасы үшін Қазақстан Республикасы үшін Қырғыз Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін

Осы арқылы осы мәтіннің 2015 жылғы 16 қазанда Бурабай қаласында:

Армения Республикасы үшін – Армения Республикасының Президенті С.А.

С а р г с я н ;

Беларусь Республикасы үшін – Беларусь Республикасының Президенті А.Г.

Л у к а ш е н к о ;

Қазақстан Республикасы үшін – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.

Н а з а р б а е в ;

Ресей Федерациясы үшін – Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путин;

Қырғыз Республикасы үшін – Қырғыз Республикасының Президенті А.Ш. Атамбаев қол қойған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы хаттама көшірмесінің толық және теңтүпнұсқалы көшірмесі болып табылатынын растаймын.

Төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы
Құқық департаментінің*

директоры

В.И.Тараскин

2015 жылғы 16 қазанда Бурабайда жасалған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы хаттаманың орыс тіліндегі нұсқасы қазақ тіліне аударылған нұсқасымен сай келетінін растаймын.

Ұлттық экономика министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Е.Досаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК